

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Инженерия факультеті
Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің

№7 хаттама

Кентау қаласы

10.03. 2025 ж.

Қатысқандар: факультет деканы Нажи Генч, факультеттің Оқу-әдістемелік комитет төрағасы, доцент Г.Ж.Ниязова, Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Ж.С.Калимбетова, кафедра меңгерушілері: техн.ғ.к., доцент З.Қ.Абдикулова, техн.ғ.к., доцент Г.Н.Қазбекова, кафедралардың оқу-әдістемелік жұмыстарына жауапты оқытушылар: О.Д.Меирбекова, Ә.Т.Баялы және ОПҚ.

Күн тәртібінде

- 1 ББ бітірушілерінің ББ мазмұнына, оқу процесінің ұйымдастырудың нәтижелілігіне және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар нәтижелерін талдау.
- 2 Оқытушы-профессорлардың әдістемелік семинарларға қатысу барысын талқылау
- 3 Көктемгі сессия емтихан сұрақтарын, тапсырмаларын талқылау, бекітуге ұсыну
- 4 Бағдарламалық аккредиттеу, институционалдық аккредиттеу постмониторинг жұмыстарын іске асыруды ұйымдастыру туралы
- 5 Әр түрлі мәселелер

Бірінші мәселе бойынша сөз алған факультет деканы Нажи Генч мырза факультет білім беру бағдарламалары бітірушілерінен сауалнамалар қорытынды аттестаттаудан кейін жүргізілетіндігін айтты. Сонымен қатар, ББ бітірушілерінің ББ мазмұнына, оқу процесінің ұйымдастырудың нәтижелілігіне және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнама нәтижелерін талдау мәселесін ағымдағы оқу жылының маусым айындағы Оқу-әдістемелік комитет мәжілісіне қалдыруды ұсынды. Мәжіліс мүшелері бірауыздан қолдап дауыс берді.

Шешім 1.1: ББ бітірушілерінің ББ мазмұнына, оқу процесінің ұйымдастырудың нәтижелілігіне және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар нәтижелерін талдау 2025 жылдың маусым айындағы Оқу әдістемелік комитет мәжілісі күн тәртібіне қалдырылсын.

Екінші мәселе бойынша сөз алған Оқу әдістемелік комитет төрайымы Г.Ниязова оқытушы-профессорлардың әдістемелік семинарларға қатысу барысы жоспарға сәйкес қанағаттанарлық деңгейде екендігі туралы ақпарат ұсынды. Жоспарға сәйкес 2024-2025 оқу жылының II семестрінде ақпан және наурыз айларында Компьютерлік инженерия кафедрасында – 1, Электр инженериясы кафедрасында – 1 семинар өткізілген.

Шешім 2.1: Оқытушы-профессорлардың әдістемелік семинарларға қатысу барысы туралы ақпарат қанағаттанарлық деп назарға алынсын..

Үшінші мәселе көктемгі сессия емтихан сұрақтарын, тапсырмаларын талқылау, бекітуге ұсыну туралы сөз алған Компьютерлік инженерия кафедрасы меңгерушісі З.Абдикулова, Компьютерлік инженерия кафедрасының меңгерушісі Г.Казбекова емтихан сұрақтары, тапсырмалары мен жоба форматындағы емтихандарда ұсынылатын жоба тақырыптарын бекітуге ұсынды. Емтихан сұрақтары мен тапсырмаларын әзірлеуде УЕ-ХКТУ-027-2024 Университет білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережесі басшылыққа алынған. Білім алушыларды аралық аттестаттау академиялық күнтізбеге, оқу жұмыс жоспарына және оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады. Білім алушыларды аралық аттестаттау емтихан тапсыру, жобаларды қорғау нысаны түрінде міндетті түрде баға қою арқылы жүргізіледі. Емтихан сұрақтары Блум таксономиясына сәйкес құрастырылып, университет Оқу әдістемелік комитетіне қарасты Оқу жұмысын ұйымдастыру бөліміне тапсырылғандығын айтты.

Шешім 3.1

2024-2025 оқу жылы көктемгі сессия емтихан сұрақтары, тапсырмалары бекітілсін.


Төртінші мәселе бойынша сөз алған Электр инженериясы кафедрасының меңгерушісі З.Абдикулова: Білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау оқу жоспарларын, элективті пәндер каталогын, кестелерді, білім алушылардың жеке жоспарларын, білім беру бағдарламаларын іске асыруды регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарды талдау, білім алушылар мен жұмыс берушілердің сауалнамасы негізінде жүзеге асырылады.

2024 жылдың қазан айында 7М07158-Автоматтандыру және басқару ББ постмониторингтен өтті, 2024-2025 оқу жылында 22.04.2025 ж. күні 7М07130 - Электр энергетикасы - Бағдарламалық аккредитациядан өтуі жоспарланған. Қазіргі кезде кафедра ПОҚ тарапынан қажетті құжаттарды әзірлеу, ұйымдастыру шаралары іске асырылуда.

Шешім: 4.1


Бағдарламалық аккредиттеу, институционалдық аккредиттеу постмониторинг жұмыстарын іске асыруды ұйымдастыру қанағаттанарлық деңгейде деп есептелсін.

**Факультеттің Оқу-әдістемелік
комитет төрағасы**



Г.Ж.Ниязова

Хатшы



О.Д.Меирбекова